

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының акцияларын сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 4 маусымдағы N 922

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "ДЭУ" корпорациясы арасында 1997 жылғы 31 мамырда жасалған Акцияларды сату-сатып алу туралы келісімнің шарттары мен ережелері мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамына берілген 1996 жылғы 5 қарашадағы N 000001 Лицензия мен 1997 жылғы 21 мамырдағы оған Қосымшаға тиісті өзгеріс енгізсін. <*>

3. "Қазтелеком" ашық акционерлік қоғамының тарифтерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісімі бойынша, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті белгілейді деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2,3-тармақтары жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.02.03.

N 73 қаулысымен. P980073_

4. Министрліктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар аталған Келісімді жүзеге асыруға жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі